Саттар сүйген сұлу

Сыр сандықты ашып қара...

Бәрі де күтпеген жерден басталды. Өмір дегенде өксігін баса алмай, өнерінің барлық гүлін аша алмай арманда кеткен жас талант Саттар Ерубаев ағамыз ғашық болған Меруерт апамыздың көзі тірі екені Ол Қарағанды қаласында тұратын болып шықты. Мұны естіген соң дереу апамызбен хабарласып, әңгімесін тыңдауға аңсарым ауды. Осы өтінішімді көп ұзамай өзіне телефон арқылы жеткіздім. Бұған әжей таңырқап қалғандай болды.

— Қарағым-ау, менен қандай әңгіме сұрайсың? Мен оқи алмай қалған қараңғы адаммын ғой. Қайбір әңгіме бар дейсің?

Мұны естігенде қапелімде не айтарымды білмей тосылып қалдым. Үзіле жаздаған әңгіме желісін апайдың өзі жалғады.

— Қарағым, іздеп жүрген адамың анық менмін бе?— деген сауал тастады. Осыдан соң мен де жан-дәрмен қолымда бар бірер дерекке жармасып:

— Апай, сіз отызыншы жылдардың басында ҚазПИ-де оқыған жоқсыз ба?— деп сұрадым.

— Иә, оқығанмын.

— Содан кейін оқуыңызды тастап, шешеңізбен бірге Қарағандыға қайтып кеттіңіз бе?

— Иә, қайтып кеттім.

— Атыңыз Меруерт қой?

— Иә, Меруерт.

— Онда нағыз шарқ ұрып іздеп жүрген адамым өзіңізсіз, апа. Бір жолығып, әңгімеңізді тыңдасам деп едім. Қоятын сауалдарым да бар.

— Онда жөн, қарағым. Сұраған әңгімеңді айтып берейін. Үйге келе ғой,— деді үлкен кісі.

Мерзімді уақытта үйіне бардым. Әжей төргі бөлмедегі столдың жанында отыр екен. Күтіп отырғанға ұқсайды.

— Кел, қарағым. Мына орындыққа отыр,— деп қарт ана қалбалақтап қалды. Бұл күнде кәрілікке бой алдырғанымен кезінде келбетті болғаны көрініп-ақ тұр. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» деген осы екен-ау деп ойладым іштей. Денсаулығын сұрап едім, күлді.

— Кәрілік келген соң болмайды ғой, қарағым. Бір кездегі екі аяғым қазір үшеу болған,— деп жанында сүйеулі тұрған таяқты нұсқады.

— Биыл қанша жасқа келдңіз?

— 73-ке келдім ғой. Алпыс ажарымды алып еді, жетпісі құрғыр жауырынымды жаздырмай тұр,— деді. Содан кейін жүзіме барлай қарап алды да: — Қарағым, менен қандай әңгіме сұрайын деп едің?— деді. Жанарынан әлі де нұр тая қоймапты. Жүзі жылы, сөзі салмақты. Мен де әлгі сауалға орай әңгіменің ашығына көштім.

— Әжей, сіз кезінде Саттар Ерубаевпен жақын таныс болған көрінесіз. Саттармен танысты ғыңыз туралы, өзіңіз жайлы өз аузыңыздан кеңірек естісем деп едім...

Үлкен кісі едәуір уақыт ойланып қалды. Содан кейін әңгімесін әріден бастаған.

— Туған жерім мен өскен ортам — Нілді, Өспен. Ағылшындар билеген Спасск заводында есімі елге белгілі болған көпес Сейіткемеловтер әулетіненмін. Әубәкір, Мұқай, Мұхамедияр дейтін үш ағайындының соңғысы әкем болады. Әкем 50-60 арбамен Қарсақбайдан кіре тарттыратын. Шорманнан қыз алысып, қыз беріскен дәулетті атаның ұрпағы болдық. Әкем кедей-кепшіктерге қайырымды, қолы ашық адам болған екен. Бұл жайында жазушы Ғабиден Мұстафинның «Көз көргендер» деген романында айтылған,— дейді әжей.

Әкесі 1924 жылы қайтыс болыпты. Екі қызы мен бір ұлын бауырына басып, анасы Күләш аңырап қала берген. Мұның артынша «Бай, молданы қойдай қу» ұранымен ұлы кәмпеске науқаны басталады, Бозторғай басына, тұрымтай тұсына тоз-тоз болған сұрқай күндер туады. Ел іші бықпырт тигендей болады. Ауқатты ағалары НКВД құрығына ілігіп, Волга бойына жер аударылып кете барады. Осылайша бастан бақ тайып, төбені қара бұлт торлайды.

— Күнкөрісіміз қиындап кеткен соң шешем бізді арбаға салып алып, Қарағандыға көшті де кетті. Бұл 1931 жыл еді. Мен ол кезде 13 жастамын,— деп еске алады қазір Меруерт әжей.

Қарағандыға көшіп келген соң анасы Күләш осындағы тігін фабрикасының шеберханасына жұмысқа тұрады. Бұл кезде қалың қазақты қойдай қырып кеткен ашаршылық та аранын ашып, обыр аузын салуға жақындап қалған. Жағдай қиын. Байғұс ананың жарытымсыз жалақысы жан сақтауға жете қоймайды. Осыдан соң анасы Бименде дейтін ауқаттылау адамға тұрмысқа шығыпты. Ол Қияштың Нұрланы деген бір кезде болыс болып, ел басқарған адамның баласы екен.

Меруерт сұлудың жас кезі.

Меруерт әжей жанұясының ортасында отыр.

— Қалаға келгенде ауыл мектебінен алған ескіше сауатым бар еді. Әкемнің ағасы Әубәкір ауылдан мектеп ашқызыл, молда ұстаған адам. Мен де сол мектептен 2-3 қыс дәріс алғанмын,— дейді Меруерт әжей.

Анасы түтіні түзу ұшқан адаммен дәм-тұз жарастырған соң бұлардың кетеуі кетіп қалған тұрмыстары тәп-тәуір түзеліп қалады. Обалы нешік, өгей әке жары Күләштің үш баласына да оң қабақпен қарап, қанатының астына алған көрінеді.

— Алматыда анамның сіңілісі Шәми апам тұратын. Анам мен өгей әкем ақылдаса келіп, мені сол кісінің қолына оқуға бермекші болды. Осы келісім бойынша көп ұзамай Алматыға келіп, ҚазПИ-дің дайындық курсына қабылдандым,— деп еске алады Меруерт әжей.

Бұл 1934 жыл еді. Меруерт алғашқыда апайының қолында болады да, оқуға қабылданған соң институттың жатақханасына шығады. Ауыл мектебінен ұзай алмай қалғандығынан болар, қалаға келісімен білім бұлағына бас қояды. Бар ниеті, бар пейілі оқуын игеріп әкету болып, институт дәрісіне ынта қояды. Сабақтан бос уақытын кітапханада өткізеді.

— Ол кездің жастары ибалы, ұяң еді ғой. Оқудан басқа ойымызда ешқандай бөтен пиғыл болған жоқ,— дейді әжей.

Бұл кезде Саттар Ерубаев «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген. Талантты жастың көпшілік арасында әлі оншалықты аты шыға қоймаған кезі.

Осылайша Саттар редакцияда жұмысын істеп жүрген, ал Меруерт болса институттағы сабағында. Сондай күндердің бірінде Саттар мен Меруерттің жолдары тоғысып, бір бірімен кездейсоқ жағдайда таныс болады. Осы таныстықтың соңы тамаша талант иесі Саттар Ерубаевтың сұлу қыз Меруертке деген мөлдір махаббатына ұласқан.

Саттар Меруертпен қалай танысқан? Осы сауалға орай Саттардың жан жолдасы болған жазушы Зейін Шашкиннің әдемі бір естелігі бар. Ол С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» кітабындағы естеліктер топтамасында жарияланған. Сәл ұзақтау болса да Саттар мен Меруерттің қалай танысқанын баяндайтын естеліктің осы тұсын толық келтіре кетуді жөн көрдім. Бұл таныстыққа дәнекер болған Зейін Шашкин екен!

«... **Саттардың сыпайы мінезі махаббат өміріне де бір дақ қалдырды. Жеңілтек, қылжақпас жігіттердей көрінгеиді сүйіп, «өлдім-талдым» деп уәде бермейтін. Өте ұстамды, таза, сұлу махаббатты бағалайтын ол.**

Мүмкін, осы себептен ол үйленбеген болар. Саттар көп сынап, ұзақ таңдады. Өміріне өзгермей серік болатын дос іздеді. Көрінгенге жабысып, махаббатын шашып, ұсақталмады. «Менің жарым — менің өмірімнің гүлі, сәні, менің сүйгенім отыма күніп, суығыма бірге тоңатын болуы керек» дейтін сырласқанда.

Саттар өле-өлгенше бір қызға ғашық болып, соның бейнесін жүрегінде сақтап, жұртқа білдірмей, жасырып кетті. Бір күні оны құпия сыр қылыл айтты: «Менің жарым, бірінші махаббатым, өмірімнің қуанышы, жастығымның көктемі — Меруерт» деді. Ол қыз Меруерт десе Меруерт еді: аққұба, үлкен қара көзді, талдырмаш қыз. Сейлескенде үріккен маралдай күдіктене қарайтын. Көздері толған сұрақ.

Бір күні Саттар екеуміз ҚазПИ-дегі әдебиет жиналысына бардық. Ұзын дәлізде Меруертке кездестік. Ол сонда оқушы еді. Мен оны бұрыннан білетінмін. Саттармен таныстырдым. Саттар қыз соңынан ұзақ қарап тұрып қалды. Сол күні жиналыстан қайтып келе жатқанда:

— Мен манағы қызды өткен түні түсімде керген едім,— деді. Күлдім.

— Түркістанда туып едің, қазіреттің көп жері, соның біреуінің аруағы қонған ғой,— дедім. Өзі де күліп жіберді. Бұдан әрі әңгіме өрши берді.

— Сен қайдан білесің! Таныстыршы!

— Е, жаңа таныстырғам жоқ па!

— Асығыс қой... Қоян-қолтық келейік те.

Саттар онымен оңашада таныс ты. Бірақ, аузына жөнді сөз түспепті. Қысылып, жұлдыз санай беріпті.

Бір жыл бойы Саттар Меруертке әдемі, қызық хаттар жазумен болды. Келесі жылы Меруерт оқуын тастап, шешесімен Қарағандыға кетті. Біраздан соң артынан Саттар да барды. Қарағанды қалалық газетінде редактордың орынбасары болды.

Саттар қаншама өзінің шын махаббатын өлең шумағына орап, сыйлық ретінде тартып жүргенінде басқа бір жігіттің батыл қимылы таразыма өз жағына аударып кетіпті. Бірақ, Меруерт бейнесі қол жетпейтін биік шыңға шыққан гүлдей Саттар жүрегінен мәңгі орын алды».

Мен осы жағдай туралы Меруерт әжейдің өзінен сұрағанымда:

— Болса болар, қарағым,— деді де қойды.

— Ал оқуды неге тастап кеттіңіз?

— Бұл өз алдына белек бір хикая. Мен байғұс тастайын деп тастады дейсің бе? Сөйтуге еріксіз мәжбүр болдым ғой...

Оқиға былай болған. ҚазПИ-дың дайындық курсында алаңсыз оқып жүрген ару Меруертке ғашық болған жігіттер аз кездеспепті. Солардың бірі Жақсыбектің Сүлеймені деген жігіт екен. Ол Меруерттің қыр соңынан қалмай, өлердегі сөзін айтса да, сұлу қыздың жүрегін жаулай алмапты. Осыдан соң Жақсыбектің Сүлеймені ашынған. Асқақ аруды тәубасына келтіруді ойлаған. Сөйтіп, Меруертті жақсы білетіндерден оның шыққан тегі жайлы сұрастырып, етігенінің бәрін жіпке тізе жүреді. **Бір күні «Лениншіл жас» газетінде «институтқа жасырын кіріп алған байдың қызы Меруерт» жайлы әшкере мақала бұрқ ете калады.** Бұл жас сұлу үшін ашық күнде төбеден түскен жайдан кем соқпайды. Мақала соңына қараса, авторы — Жақсыбектің Сүлеймені. Жар болуға көнбеген сұлуды тәубасына келтіргендегісі осы болар, сірә.

Осыдан соң Меруерт үшін институт қақпасы жабылады. Ол кезде байдың балаларын институттың табалдырығынан да аттатпайтын. Комсомолдың түкірігі жерге түспейді.

Мақала жарияланған соң институтта Меруерттің тәртібін талқылаған жиналып болыпты. Сол жиналысқа «Лениншіл жас» газетінде істеп жүрген Саттар Ерубаев та қатысқан.

— Көпестің қызы екеніңді неге жасырып келдің?— деген сұрақ қойылады.

— Әкем осыдан он жыл бұрын қайтыс болған. Содан кейін біз де жоқшылықтың тақсіретін аз тартқан жоқпыз,— дейді Меруерт.

— Сонда мына мақала авторының сөзін толық жоққа шығарасың ба?

— Иә, жоққа шығарамын. Ол маған жала жауып жүрген жігіт.

— Неге жала жабады?

— Жақсыбектің Сүлеймені менде көңілі болған адам. Оқуда жүрген мен оның тілегін қабылдамадым. Сол себепті маған жауығып алды. Енді менен осылайша өш алып отыр.

— Мұны қалай дәлелдейсің?

— Айтар сөзімнен басқа дерелім жоқ. Әкемнің бір кезде көпес болғаны рас. Бірақ, ол өз еңбегімен байыған адам. Өзі қайтыс болған соң біз де кедейшілікке ұшырадық. Мені оқудан шығармаңыздаршы,— дейді Меруерт. Осы арада Саттар да Меруертке ара түсіпті. Төрде отырғандарға қарап:

— Шынында, мына қарындастың айтып отырған сөзі қисынға келеді. Тексеріп көру керек болар. Егер мақала авторы анық жала жауып жүрсе, газет бетінде оның өзін әшкере етеміз,— дейді. Бірақ, Саттардың бұл сөзі де ілтипатқа алынбаған. Осылайша Меруерт бір-ақ күнде ҚазПИ-дан шығады да қалады. Сөйтіп, институт жатақханасынан шығып, апасы Шәмидің қолына қайтып келеді.

Сондай күндердің бірінде Зейік Шашкиннің әйелі Жәмила Меруертті кешеден керіп қалып, үйіне шақырады.

— Мерзімді уақытта Зейін мен Жәмиланың үйіне бардым. Жанымда бір құрбы қызым бар болатын,— деп еске алады қазір Меруерт әжей,— Біз келгенде Саттар да сол үйде отыр екен. Сірә, Зейін досы алдын ала хабар беріп қойса керек. Бәріміз бірге отырып шай іштік. Бір-бірімізден ұялшақтап, стол басында оншалықты әңгімелесе де алмадық.

Зейіннің үйінен қайтарда Саттар Меруерт пен оның құрбысын шығарып салуға бірге шығыпты. Зейін бір оңтайлы сәтте Меруерттің құрбысын қолтықтап, сәл кейік ұстап қалады.

Алматының мақпал түні. Кеше бойымен Саттар мен Меруерт қатар аяңдап келеді. Саттар әңгімені неден бастарын білмегендей кібіртіктей беріпті. Меруерт те журналист жігіт алдында ұялып келе жатыр. Қыз апасының үйіне келген кезде Саттар қойнынан бір дәптер шығарып, Меруертке ұсыныпты. Сұлу қыз таңырқап қалған, әрі қысылып та тұр.

— Мұныңыз не?- деп сұрайды. Даусында діріл бар. Саттар да толқулы.

— Бұл дәптердің іші түгелімен өзіңе арнаған өлеңдерім. Оңаша сәтте оқып көрші, Меруерт. Көзіңмен емес, көңіліңмен оқышы. Өзіңе айта алмай жүрген жан сырым, жүрек сырым осы өлеңдерде жазылған,— дейді де Саттар қызбен қош айтысып, үйіне қайтып кетеді.

— Шіркін, Саттардың сол өлеңдері-ай! Төгіліп тұр ғой тура, төгіліп тұр. Сол дәптерді басымды алмастан бір демде оқып шыққаным есімде. Саттардың әдемі өлеңдері жүрегімді жаулап алды. Институттан шығып қалып, кереметтей қамығып

(Жалғасы 14-бетте)

САТТАР СҮЙГЕН СҰЛУ

(Соңы. Басы 13-бетте)

жүрген басым осыдан соң бір серпіліп қалғандай болып еді,— дейді Меруерт әжей.

— Саттардың сол дәптері сақталмады ма?

— Жоқ, сақтай алмадым. Аласапыран жылдарда бұдан басқа да көптеген өлеңдерін, тамаша сұлу хаттарын, суретін жоғалтып алдым. Бұған өзім де осы күнге дейін өкінемін.

Осыдан соң Саттар мен Меруерт жиі кездесіп жүріпті. Бір күні қызының оқудан шығып қалғанын естіген анасы Күләш Алматыға іздеп келіп, Меруертті өзімен бірге Қарағандыға алып кеткен. Қоштасар кезде Саттар сүйген қызын қимай тұрып:

— Біз әлі кездесеміз, Меруерт. Мен бір сен үшін Қарағандыға барамын. Сені көрмей жүру мен үшін үлкен қиямет. Соңыңнан барамын әлі,— дейді. Осы уәдемен қол алысады да, екі жастың жолы екі айырылады.

Саттар осы уәдесінде тұрған. 1934 жылдың шілде айында Қазақстан өлкелік партия комитеті «Қарағанды пролетариаты» газетінің жай-күйі туралы» қаулы қабылдайды. Сонда өлкелік партия комитеті осы газеттің жұмысын жақсарту, білікті кадрлармен нығайту мәселесін шешкенде жас журналист Саттар Ерубаевты «Қарағанды пролетариаты» газетіндегі комсомол бетінің редакторы етіп тағайындайды. Көктен сұрағаны жерден табылған Саттар осылайша Қарағандыға тартып отырады.

1934 жыл. Тамыз. Жалындаған жас талант Саттар Ерубаев Қарағандыға келген бетте газет жұмысына белсене араласып кетеді. Жас жігіт қайнаған еңбек ортасына келгеніне қатты қуанған. Сол тұста жазған бір күнделігінде Саттар: «Мен Қарағандыға ризамын. Ол мені жазушы етіп шығаратын болды!» депті. Иә. Қарағанды оны жазушы етіп шығарды. Жазушы болғанда қандай! Саттардың осы кезде жаза бастаған «Менің құрдастарым» романы күні бүгінге дейін талайларды тамсандырып келеді емес пе! Міне талант тегеуріні!

Редакцияның қат-қабат жұмысынан қолы босай қоймаған Саттардың келген бетте Меруертті іздеуге мүмкіндігі болмайды. Қарағандыға қарт анасын өзімен бірге ала келген. Байғұс ананың бар тілегі жалғызының үстінде. Саттарының тезірек аяқтанып, немерелі болар күнін армандайды. Баласының көңілінде ешқандай алаң жоқ сияқты.

— Шырағым-ау, не ойлағаның бар? Бір шүйкебас түсіріп, немере сүйгізер ойың бар ма өзі?— деп ара-тұра бұрқылдап та қояды.

— Асықпаңыз, апа! Ажары айдай, келбеті күндей көркем келініңіз бар осы қалада. Әлі-ақ қолыңа кіргізіп, немере сүйгіземін,-— дейді жалғызы. Анасының көңіліне осы сөзі де медеу. Саттарын айналып-толғанып, шыбын жанын соның жолына құрбандыққа шалып отырады.

Бір күні Саттар Меруертті іздеп келді. Жүрегінің төрінен орын алған аяулы ғашығын көрмегеніне үш айға жуықтап қалған. Меруерт дегенде Саттардың іші-бауыры елжірейді.

— Амансың ба, Меруерт? Міне, мен де жеттім соңыңнан! Көрдің бе, айтқан уәдемде турдым. Мен осындай бір сөзді жігітпін. Мақтай салсайшы енді,— деп баладай арсалақтап тұр. Көңілінде ешқандай бөтен ой жоқ. Сол баяғы сәбидей пәк қалпы.

Меруерт Саттарды көргенде оншалықты қуана қоймағандай болды. Жүзі сынық, сөзі салқындау ма, қалай? Әйтеуір, бұрынғы жайдары Меруерт емес.

— Апыр-ай, саған не болған? Ауырып қалғаннан аманбысың? Не болды? Айтып өлтірші!— деп Саттардың дегбірі кетті. Бірақ, Меруерт айта алмады...

Саттардың Меруертте көңілі бар екенін қыздың анасы біліпті. Содан кейін жігіттің шыққан тегін, ағайындарын сұрастырып көреді. Оңтүстіктің жігіті көрінеді, бір үйде қарт анасы екеуі ғана тұрады екен. Мұны білген соң қыздың анасы Меруерттің Саттармен кездесуіне үзілді-кесілді қарсы болады.

— Қарағым, осында жүзіктің көзінен еткендей бір жайсаң жігіт бар. Өзі инженер, өзі сұлу. Мына тәпелтек қараңнан әлдеқайда артық. Әкең екеуміз сені сол жігітке лайық көріп отырмыз. Ол да саған сыртыңнан құмартып жүреді екен. Көресің, әлі-ақ жарасып кетесіңдер. Бізді сыйласаң сөйт, айналайын!— дейді анасы.

Көп ұзамай анасы айтқан жігітті қыздың өзі де көреді. Айтса айтқандай сымбатты жігіт екен. Аты-жөні — Мүлік Аюпов. Өзі Семей жағынан көрінеді. Ауқатты әкесі ұлы кәмпеске кезінде бой тасалап, Қытай асып кетеді де, Мүлік Қарағандыға келеді. Сөйтіп, осындағы № 20-шы шахтада инженер болып істеп жүр екен. Ол кезде қазақ азаматтарының арасынан шахта теңірегінде мұндай қызмет атқаратындар некен-саяқ.

Мүлікті көрген соң Меруерт сұлудың көңіліне құрт түседі. Іштей Саттар мен Мүлікті қатар қойып, бірімен бірін салыстырады. Аралары жер мен көктей. Біреуі — сұңғақ бойлы, аққуба, қияқ мұртты жігіт. Екіншісі — орта бойлы келген, өңсіздеу, таңқы танау қара жігіт. Біріншісі — Мүлік. Екіншісі — Саттар. Қайсысы сұлу? Әрине, Мүлік! Бірақ, қыздың іші Саттарды да қимайды. Сырға толы өлеңдері мен төгіліп тұрған көркем хаттары жүрегін әлдеқашан жаулап алған-ды. Не істесе болар? Қайсысының етегінен ұстаса екен.

Қызының толқу үстінде жүргенін байқаған анасы Мүлікке Меруертті үйден өзі шығарып бергендай болады. Сөйтіп, Саттар сынды сұңқардың жүрегіне мәңгі сөнбес шоқ салған Меруерт сұлу басқа жігіттің бақыты болады. Басқа отаудың шамын жағады. Бұдан асқан өкініш болмас. Тағдырдың осы ауыр соққысы Саттарға оңайға соқпайды. Ақын жігіттің нәзік жүрегі аяқ астынан ауыр жараланып, сырлы сезімі құмға сіңген судай болған күйінішті кезең ғой бұл. Арада бірер жыл өткенде Ленинград университетінің аспирантурасына түсу үшін Саттар «Қарағанды пролетариатымен» қош айтысып, Алматыға қайтып кетеді. Жүректегі мәңгі жазылмас жарасын да өзімен бірге ала кеткен. Басқа не келсін қолынан?

— Мүлік екеуміз бақытты тұрмыс құра алмадық. Көп ұзамай оның да бай баласы екені газет бетінде әшкере болып, қуғынға ұшырады. Ақыры, 1937 жылдың наурыз айында күйеуім Мүлік Аюпов НКВД құрығына түсті. Мен артында бір баламен аңырап қалдым,— дейді Меруерт әжей.

Халықтың ұлдары халық жауы атанып, жазықсыз жалаға таңылып жатқан қаратүнек күндер еді бұл. Өз басына да тықыр таянғанын сезген Меруерт шешесін, сіңлісі мен інісін алып, Омбы жағына кетіп қалады.

Олар 1943 жылы Қарағандыға қайта көшіп келеді. Бұл кезде жайсаң жанды азамат, талантты жазушы Саттар Ерубаев өмірде жоқ еді. Қайран Саттар қыршын жас шағында өкпе ауруына шалдығып, 1937 жылы қайтыс болған.

Меруерт Қарағандыға келген соң Ақаш Кененов деген азаматпен сөзі жарасып, тұрмысқа шығады. Одан бір ұл, бір қыз сүйген. Отағасы осыдан үш жыл бұрын қайтыс болды.

Айта берсе Меруерт әжейде әңгіме баршылық. Бұл бір мақаланы былай қойғанда жеке бір кітапқа еркін арқау болғандай. Сондықтан, Саттар ағамыз құлай ғашық болған Меруерт апаның өмір жолына кеңірек тоқталудың қисыны келмеді. Апай Қарағанды тоқыма фабрикасының шеберханасында ұзақ жылдар жұмыс істеп, зейнеткерлік демалысына сол жерден шыққан.

Саттардың Меруертке сыйлаған бір дәптер өлеңдері мен ондаған хаттары сақталмай қалғаны үлкен өкініш. Бірақ, бұл үшін әжейді жазғырудың жөні жоқ. Оның осы жасына дейін бастан кешірген тауқыметі өлеңдер мен хаттар түгілі өз басын да жұтып жібере жаздаған.

— Қарағым, Саттар тірі болса биыл қаншаға келеді екен?— деп сұрады Меруерт әжей.

— Ғалымдардың айтуына қарағанда Саттар Ерубаев 1914 жылы туған болса керек. Егер солай болса, ағамыздың 80 жылдық мерейтойына үш жыл ғана қалыпты. Бірақ, осында тұратын жазушы Жайық Бектуров ағамыз: «Саттар менен кіші емес. Ол менен екі-үш жас үлкен, тіпті болмаса түйдей құрдас деп ойлаймын. Олай болса, Саттардың 80 жылдық мүшелтойы биыл болуға тиісті» дегенді айтады,— дедім.

— Мен мұның анығын біле қоймадым, қарағым. Әйтеуір, сол кезде өндір жас болса да Саттардың сөзі, іс-қимылы, жүріс-тұрысы ересек адамдай әсер қалдыратын,— деді әжей.

— Саттардың жүрегін жаралағаныңызға өкінбейсіз бе?— деп сұрадым.

— Тағдырдың жазуы солай болған соң не істейсің? «Жазмыштан озмыш жоқ» деген ғой,— деп күрсінді әжей. Бұдан соң мен де бөгде сауалдармен үлкен кісінің мазасын алуды жөн көрмедім.

Саттардың «Меруерт алқа» деп аталатын тамаша бір өлеңі бар. Оның бұл өлеңін әдебиеттанушылар Ленинге арналған жырлардың санатына жатқызып жүрсе де мұнда жас ақынның ғашық жары Меруертке деген мөлдір махаббаты тұнып тұр. Сөнбесеңіздер оқып көріңіздер.

Саттар бұл өлеңді 1936 жылы жазған екен. Бұл кезде оның жүрегінде Меруерт бейнесі мәңгі өшпес орын алған. Демек, Саттар ақынның көсемге арнаған жырын сүйген ғашығы Меруертке деген махаббатымен сабақтастыруы бекер емес. Бұл — жастық жыры. Бұл — адал *ма*хаббат тудырған өлең.

Шіркін, Саттар-ай! Бұл өмірден үйленбей өткенің де Меруертке деген пәк махаббатыңа адалдығың болар, бәлкім...

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
журналист.